

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1996 жылға арналған бюджетін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қаңтар N 100. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен. ~P971194

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1996 жылға арналған бюджеті кірісі бойынша 116206,3 млн. теңге, шығысы бойынша 116206,3 млн. теңге мөлшерінде бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1996 жылға арналған бюджеті мыналардың есебінен құрылатын болып белгіленсін:

меншік нысанына және қызмет түрлеріне қарамастан жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік жұмыспен айналысатын азаматтардың сақтандыру жарналарының есебінен - 78326,5 млн. теңге;

жұмыс берушілер мерзімінен бұрын зейнетақы тағайындауға байланысты және жеңілдікті зейнетақымен қамсыздандыру мақсаттарына арнап аударатын қаражат есебінен - 99,6 млн. теңге;

жұмыс берушілер мен азаматтардан кері талап қою тәртібімен өндіріп алынатын қаражат есебінен - 4,9 млн. теңге;

балалы отбасыларына төленген жәрдемақы үшін жергілікті

бюджеттен өтелетін қаражат есебінен - 6608,6 млн. теңге;

төлеушілер өтеуге тиіс 1995 жылғы сақтандыру жарналары бойынша берешек қаражат есебінен - 28604,5 млн. теңге;

бабалы отбасыларына жәрдемақы төлеуге 1995 жылы жұмсалған шығын үшін жергілікті бюджеттердің Зейнетақы қорына берешегін өтеу есебінен - 1160,3 млн. теңге;

ақшалай қаражаттың 1996 жылғы 1 қаңтардағы ауыспалы қалдығы есебінен - 1401,9 млн. теңге.

3. 1996 жылы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорынан мыналарға қаржы (млн. теңге) босатылсын:

"Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына

сәйкес төленетін зейнетақыға

92080,8

1995 жылғы зейнетақыны төлеу бойынша берешекті өтеуге	642
зейнетақыны төлеу және жеткізіп беру қызметіне арналған шығынға	1970,1
"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңы бойынша берілетін зейнетақыға қосылатын үстемеге	2796,7
шетелге тұрақты тұру үшін қоныс аударған азаматтарға еңбек жарақатының немесе кәсіби ауруының салдарына байланысты тағайындалатын зейнетақыны төлеуге	39,2
жерлеу үшін жәрдемақы төлеуге	659,2
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247	

U952247_

Заң күші бар

Жарлығына сәйкес Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің зейнетақысына ай сайын үстеме төлеуге	605,3
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар	
Жарлығына сәйкес Ұлты Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жыл сайын бір жолғы жәрдемақы төлеуге	201,8
балалы отбасыларына жәрдемақы төлеуге жұмсалатын шығынға	6608,6
банктерден алынған кредиттер сомасын қайтаруға	900,0
банктерден алынған кредиттер бойынша проценттерді төлеуге	69,3
1994-1995 жылдары бюджеттің бөлінген несиені қайтаруға	358,4
сақтандыру жарнасын төлеушілердің келесі жылға ауысқан берешегіне	3435,2

4. "Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаржы жинаулы жақсарту және зейнетақылар мен жәрдемақылардың төленуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 қарашадағы N 1600 P951600_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 36, 467-құжат) белгіленген тәртіпке сәйкес жекелеген аймақтар бойынша кірістен асып түскен шығыстың орнын жабуға арналған қаражатты кейіннен қайта бөлу үшін облыстар мен Алматы қаласының Зейнетақы қоры бюджеттеріне түскен сақтандыру жарнасынан бір бөлігін (30 процент мөлшерінде) Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына аудару көзделсін.

5. Облыстар мен Алматы қаласының өкімдері орталықтандырылған қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты жекелеген облыстар мен Алматы қаласының Зейнетақы қоры бюджеттерінде белгіленген аударымнан тыс сома (млн. теңге) қарастырып, оны ай сайын бірдей үлесте Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына аударып отырсын:

Атырау	- 968,9
Жезқазған	- 541,3
Қарағанды	- 556,7
Қостанай	- 1289,6
Маңғыстау	- 2413,6
Павлодар	- 3581,6
Торғай	- 277,1
Алматы қаласы	- 305,1

6. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының өкімдері сақтандыру жарнасы мен басқа да міндетті аударымдардың Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына толық және уақытылы түсіп отыруын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
25 қаңтардағы N 100

қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының

1996 жылға арналған бюджеті

Кірісі млн. теңге

1. Меншік нысанына және қызмет түрлеріне қарамастан жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік жұмыспен айналысатын азаматтардың сақтандыру жарналарының аударымдары 78326,5
2. Жұмыс берушілер, мерзімінен бұрын зейнетақы тағайындауға байланысты және жеңілдікті зейнетақымен қамсыздандыру мақсаттарына арнап аударатын қаражат 99,6
3. Жұмыс берушілер мен азаматтардан кері талап қою тәртібімен өндіріп алынатын қаражат 4,9
4. Балалы отбасыларына төленген жәрдемақы үшін жергілікті бюджеттен өтелетін қаражат 6608,6
5. Төлеушілер өтеуге тиіс 1995 жылғы сақтандыру жарналары бойынша берешек қаражат 28604,5
6. Балалы отбасыларына жәрдемақы төлеуге 1995 жылы жұмсалған шығын үшін Зейнетақы қорына берешегін өтеу есебінен жергілікті бюджеттерден түсетін қаражат 1160,3
7. Ақшалай қаражаттың 1996 жылғы 1 қаңтардағы ауыспалы қалдығы 1401,9

Кіріс жиынтығы: 116206,3

Шығысы млн. теңге

1. "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына сәйкес төленетін зейнетақы 92080,8
оның ішінде:
еңбек зейнетақысы 90170,1
әлеуметтік зейнетақы 1489,5
мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектерге берілетін зейнетақы 421,2

- | | | |
|---|--------|-------|
| 2. 1995 жылғы зейнетақыны төлеу бойынша берешекті өтеу | 6421,7 | |
| 3. Зейнетақыны төлеу және жеткізіп беру қызметіне арналған шығын | 1970,1 | |
| 4. Шетелге тұрақты тұру үшін қоныс аударған азаматтарға еңбек жарақатының немесе кәсіби ауруының салдарына байланысты тағайындалатын зейнетақыны төлеу | 39,2 | |
| 5. Жерлеу үшін жәрдемақы төлеу | 659,2 | |
| 6. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығына сәйкес республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің зейнетақысына ай сайын үстеме төлеу | 605,3 | |
| 7. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығына сәйкес республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін төрт еселенген айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жыл сайын бір жолғы жәрдемақы төлеу | 201,8 | |
| 8. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы бойынша берілетін зейнетақыға қосылатын үстеме | 2796,7 | |
| 9. Балалы отбасыларына жәрдемақы төлеуге жұмсалатын шығын | 6608,6 | |
| 10. Банктерден алынған кредиттер сомасын қайтару | | 900,0 |
| 11. Банктерден алынған кредиттер бойынша проценттерді төлеу | 69,3 | |
| 12. 1994-1995 жылдары бюджеттен бөлінген несиені қайтару | 358,4 | |
| 13. Сақтандыру жарнасын төлеушілердің келесі жылға ауысқан берешегі | 3495,2 | |

Шығыс жиынтығы:

116206,3

Кірістің шығыстан асуы:

-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК